

Худайбергенова С.С.

**Жалпы ішкі өнім
құрылымындағы шағын
бизнестің инновациялық
қызметі**

Жұмыста ЖІӨ құрылымындағы шағын бизнестің инновациялық қызметі қарастырылған. Тұрақсыз экономикалық даму жағдайында тұрған көптеген елдер осы тығырықтан шығу мен елдің экономикалық әлеуетін арттырудың жаңа әрі тиімді жолдарын қарастыруда. Жалпы ішкі өнім құрылымында шағын және орта кәсіпкерліктің алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің ЖІӨ-де алатын үлесі – 20% шамасында. Дамыған мемлекеттердегі шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі мысалы, Жапонияда – 55%, Ұлыбританияда – 52%, Германияда – 57%, Италияда – 55%. Салыстырмалы сараптама Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің макроэкономикалық көрсеткіште үлесінің өте аз екенін көрсетеді. Ендігі алға қойылып отырған мақсат – өте жоғары әлеуетке ие мемлекетіміздің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, межелеп отырған мақсатымызға қол жеткізу болып табылады. Алайда, қазіргі қалыптасқан экономикалық дағдарыс жағдайында бұл мақсатты тез әрі тиімді жүзеге асыру барысында қиындықтар туындап отыр.

Түйін сөздер: инновациялық қызмет, шағын бизнес, Жалпы ішкі өнім, инфрақұрылым, инновациялық белсенділік.

Khudaibergenova S.S.

**Innovative activity of small
business in the structure of GDP**

The article considers the role of innovative activity of small business in the structure of GDP. Nowadays when the economic situation in the world is unstable, different countries are trying to reach economic growth by different effective ways. One of such tools is developing innovative activity of small and medium entrepreneurship in the structure of GDP. The article also considers the experience of developed countries, because the share of SME in GDP is more than 50%. Accordingly, one of the main aims of our Government is to provide with necessary resources all entrepreneurs who are eager to get state support. On the other hand, the comparative analysis of different regions and cities of Kazakhstan by their innovative activity in small business is done.

Key words: Innovative activity, small business, GDP, infrastructure, innovative activeness.

Худайбергенова С.С.

**Инновационная деятельность
малого бизнеса в структуре
ВВП**

В данной статье рассматривается роль инновационной деятельности малого и среднего бизнеса в структуре ВВП. На сегодняшний день, когда экономическая ситуация в мире нестабильна, страны пытаются улучшить свою экономику различными способами. Одним из них является увеличение инновационной деятельности МСБ в структуре ВВП страны. В Казахстане же доля малого и среднего бизнеса в структуре ВВП страны составляет около 20%. Хотя и наблюдается прогресс по увеличению доли МСБ в структуре ВВП, на сегодняшний день не можем сказать, что страна полностью использует свой потенциал. В развитых странах доля МСБ в структуре ВВП превышает 50%. К примеру, доля малого и среднего бизнеса в структуре ВВП в Японии – 55%, в Великобритании – 52%, в Германии – 57%, в Италии – 55%. Эти страны по праву считаются лидерами по многим секторам экономики. К тому же в данной статье сделан сравнительный анализ инновационной деятельности малого бизнеса в разных регионах и городах РК и сравнительный анализ по инновационной активности объектов малого и среднего предпринимательства.

Ключевые слова: инновационная деятельность, малый бизнес, ВВП, инфраструктура, инновационная активность.

**ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ
ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ
ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІ****Кіріспе**

Тұрақсыз экономикалық даму жағдайында тұрған көптеген елдер осы тығырықтан шығу мен елдің экономикалық әлеуетін арттырудың жаңа әрі тиімді жолдарын қарастыруда. Бұл тұста индустриалды-инновациялық даму осы мақсатқа қол жеткізу барысындағы негізгі құралдардың бірі ретінде қарастырыла алады. Ал осы ұғымның мағынасына тереңірек үңілетін болсақ, елдің шағын және орта бизнесін дамыта отырып, экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізе алатынымызды аңғарамыз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей [1], бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді екен.

Алайда, әр елдің өз даму ерекшелігіне қарай шағын және орта бизнеске байланысты өзі ұстанатын саясаты да бар. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздікке қол жеткізген тұстан бастап шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған біршама атаулы шаралар өткізіп, осы салаға байланысты заңдар қабылдап, әрі оларға тұрақты толықтырулар мен өзгерістер енгізіп отырды. Бұл іс-шаралардың алға қойған негізгі мақсаты – кәсіпкерліктің заңнамалық негізін қалыптастыру болып табылады. Осы аты аталған іс-шараларды нақтылайтын болсақ, шағын және орта бизнесті мемлекеттің экономикалық саясатының басымдылық саласы болып табылатынын және тұтынушылар нарығын тауарлар мен қызметтерді кең қолдануға жағдай жасайтын Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 6 наурызындағы №3398 «Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсетуді күшейту мен оны дамытуды жандандыру жөніндегі шаралар туралы» жарлығы; шағын кәсіпкерліктің қорын құруға жағдай жасайтын Қазақстан Республикасы үкіметінің 1997 жылдың 26 сәуіріндегі №665 «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» қаулысы; 1999-2002 жылдарда мемлекет шағын кәсіпкерлік саласындағы құқықтық актілерді, қаржы-несиелік және инвестициялық саясатты аймақтардағы шағын бизнестерді дамытуға, 2004-2007 жылдарда мемлекет кәсіпкерлік органы, қоғамдық институттар жүйесін қалыптастыруды бел-

гіледі; Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылдың 18 ақпанындағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты жолдауына сәйкес қабылданған бағдарлама 2003-2015 ж. арналған Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясымен сәйкес кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасайды. Сонымен қатар «Даму» қорының жобалық қаржыландыру және лизинг, несиесі жүйесіндегі кәсіпкерлікті кепілдендіру ж. т.б көптеген шаралар қабылданды. Дегенмен, осы және басқа мемлекеттің орта және шағын кәсіпкерлікті қолдап отырған шаралары кей жағдайларда халыққа жетпей жатады. ҚР Мәжіліс Парламентінің депутаты Т. Өмірзақовтың мәліметі бойынша осы бағдарламалардың қамту көлемі шағын және орта бизнестің 10% құрайды екен [2].

Енді кәсіпкерліктің түрлеріне анықтама беретін болсақ, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне:

– қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын жеке кәсіпкерлер;

– қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын және бір жылдағы активтерінің жылдық орташа құны 60000-еселік АЕК-тен аспайтын заңды тұлғалар жатады.

Орта кәсіпкерлік субъектілеріне:

– қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан асатын жеке кәсіпкерлер;

– қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50-ден көп, бірақ 250 адамнан аспайтын және бір жылдағы активтерінің жылдық орташа құны 325000-еселік АЕК-тен аспайтын заңды тұлғалар жатады.

Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне:

– қызметкерлерінің жылдық орташа саны 250 адамнан асатын немесе бір жылдағы активтерінің жалпы саны 325000-еселік АЕК-тен асатын заңды тұлғалар жатады [3].

Бұл тұста атап көрсететін мәселе, ірі кәсіпкерлікке қарағанда шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі мол болып отырғандығы. Саны жағынан басым болуы, көбірек жұмыс орнымен қамтасыз етуі секілді факторлар бұған тікелей әсер етіп отыр.

Тәжірибелік бөлім. Жалпы ішкі өнім құрылымында шағын және орта кәсіпкерліктің алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің ЖІӨ-де алатын үлесі – 20% шамасында. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының мәліметтеріне сүйенсек, әлемдік экономикада тек шағын кәсіпорындардың саны барлық кәсіпорындардың жалпы санының 95%-нан асады. Олардың ЖІӨ-дегі үлесі 50%-ға дейін жетеді. Дамыған мемлекеттердегі шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі, мысалы, Жапонияда – 55%, Ұлыбританияда – 52%, Германияда – 57%, Италияда – 55% [4]. Салыстырмалы сараптама Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің макроэкономикалық көрсеткіште үлесінің өте аз екенін көрсетеді. Оны 50 пайызға жеткізу үстіміздегі ғасырдың елуінші жылдарында қол жеткізу болжанып отырғаны белгілі. Сол мақсатқа жету үшін сан қайтара сұралған сұрақ – қалай осы мақсатты тиімді жүзеге асырамыз? Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың қандай жолдары мен тетіктері бар? Экономикалық, әлеуметтік, саяси және психологиялық кедергілерілерді тиімді азайтудың қандай жолдары бар?

Нәтижелер мен талқылаулар. Парламент Сенатының депутаты Асқар Бейсенбаев мырзаның сөзіне сүйенетін болсақ, 2016 жылдың соңына қарай еліміздегі шағын және орта бизнестің үлесі Жалпы ішкі өнімнің 25 пайызын құрады. Алайда мұның өзі көп көрсеткіш емес. Себебі, шағын және орта бизнес сыртқы нарықтан келетін қауіп-қатерлерге өте жақсы төтеп бере алатын тетік. Сондықтан да, тіпті дағдарыс кезінде Жапония, Германия, АҚШ сияқты елдердің шағын және орта бизнесі сол елдердің экономикасын көтерген [5].

Осы көрсетілген 20-25 пайыздың ішінде инновациялық кәсіпорындардың үлесі қандай болмақ? Бұл сұраққа Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің ұсынып отырған ресми мәліметтеріне сүйенетін болсақ, келесі жағдайды бақылаймыз

1-кесте – Инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері*

| | Кәсіпорындардың саны - барлығы, бірлік | | | Одан | | | Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %-бен | | |
|------------------------|--|--------|--------|--------------------------|-------|-------|--|------|------|
| | | | | Одан инновациясы барлары | | | | | |
| | 2013 | 2014 | 2015 | 2013 | 2014 | 2015 | 2013 | 2014 | 2015 |
| Қазақстан Республикасы | 22 070 | 24 068 | 31 784 | 1774 | 1 940 | 2 585 | 8,0 | 8,1 | 8,1 |

| | | | | | | | | | |
|---------------------|-------|-------|-------|-----|-----|-----|------|------|------|
| Ақмола | 1 173 | 1 270 | 1 325 | 83 | 92 | 90 | 7,1 | 7,3 | 6,8 |
| Ақтөбе | 1 044 | 1 114 | 1 236 | 68 | 85 | 86 | 6,5 | 7,6 | 7,0 |
| Атырау | 798 | 977 | 1 276 | 41 | 79 | 102 | 5,1 | 8,1 | 8,0 |
| Батыс Қазақстан | 646 | 768 | 857 | 34 | 51 | 35 | 5,3 | 6,6 | 4,1 |
| Жамбыл | 734 | 808 | 852 | 75 | 98 | 90 | 10,2 | 12,2 | 10,6 |
| Қарағанды | 1 957 | 1 902 | 2 340 | 148 | 159 | 216 | 7,6 | 8,4 | 9,2 |
| Қостанай | 1 393 | 1 500 | 1 502 | 164 | 204 | 218 | 11,8 | 13,6 | 14,5 |
| Қызылорда | 709 | 725 | 846 | 85 | 73 | 99 | 12,0 | 10,1 | 11,7 |
| Маңғыстау | 838 | 922 | 1 027 | 20 | 32 | 41 | 2,4 | 3,4 | 4,0 |
| Оңтүстік Қазақстан | 2 009 | 2 025 | 2 315 | 129 | 143 | 160 | 6,4 | 7,0 | 6,9 |
| Павлодар | 1 118 | 1 142 | 1 354 | 95 | 79 | 65 | 6,4 | 6,9 | 4,8 |
| Солтүстік Қазақстан | 1 047 | 1 001 | 1 047 | 114 | 116 | 111 | 10,9 | 11,6 | 10,6 |
| Шығыс Қазақстан | 1 767 | 2 055 | 2 091 | 99 | 157 | 240 | 5,6 | 7,6 | 11,5 |
| Астана қаласы | 1 617 | 1 997 | 4 103 | 179 | 214 | 541 | 11,1 | 10,7 | 13,2 |
| Алматы қаласы | 3 902 | 4 389 | 7 970 | 314 | 219 | 377 | 8,0 | 5,0 | 4,7 |

Бұл кестеде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының жалпы аймағын алатын болсақ, онда үш жылдың өзінде-ақ жалпы кәсіпорындардың саны 9714-ке артып, 31784-ке жеткен. Ал осы жалпы кәсіпорындардың ішінде инновацияны енгізген кәсіпорындар саны 1174-тен 2585-ке жетіп отыр [6]. Бұл үш жыл ішіндегі ғана көрсеткіш. 2014 жылмен салыстырғанда, 2015 жылы инновацияларды шағын және орта кәсіпорындарға енгізу бойынша қарқынды түрде жүзеге асқан. Бұл дегеніміз, соңғы уақыттарға кәсіпкерлердің дені инновацияның маңыздылығын әрі тиімділігін түсіне бастағандығының белгісі деп қабылдаймыз. Аймақтар немесе қалалар бойынша қарастыратын болсақ, жалпы кәсіпорындар саны бойынша Алматы, Қарағанды қалалары мен Оңтүстік Қазақстан облысы көш бастап тұрғандығын аңғарамыз. Ал осы аталғандардың ішінен инновацияны енгізгендігі бойынша сараптайтын болсақ, бұл тұста жағдай өзгешелетіндігін байқаймыз. Яғни, инновация бойынша көшбасшылар деп Алматы мен Астана қалалары және Шығыс Қазақстан облысы екендігіне көз жеткіземіз. Кәсіпорындардың саны мен енгізілген инновациялар бойынша да тізімде көшбасшылықты иемденген Алматы қаласы болса, инновация жағынан Астана қаласы мен Шығыс Қазақстан облысы Қарағанды қаласы

мен Оңтүстік Қазақстан облысын артта қалдырып отыр. Инновацияларды енгізу бойынша ілгері шыққан аймақтарда салыстырмалы түрде инфрақұрылым көбірек дамыған. Бұл әсер етуші көп факторлардың бірі ғана. Алайда инновация саласындағы белсенділік деңгейінің көрсеткішін салыстыратын болсақ, онда Астана қаласы бұл көрсеткіш бойынша ілгерілегендігін байқаймыз. Мұның бірден-бір себебі, Астана өткізілетін әлемдік деңгейдегі «ӘКСПО-2017» көрмесінің ұйымдастырылуына байланысты қала инфрақұрылымының айтарлықтай деңгейде жоғарылауы.

Енді ЖІӨ құрылымына инновациялық өнімдердің қосатын үлесін қарастырып көрейік. Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, келесі жағдайды бақылаймыз.

Атамыш кестеде инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесін 11 жыл бойындағы көрсеткіші берілген. Кестеге сүйене отырып, осы жылдар ішінде, 2005 жылы ең жоғары көрсеткішке ие болғандығын байқаймыз. Ал ең төмен көрсеткішке ие болған 2009 жыл болып табылады. Яғни, соңғы мәліметтер бойынша еліміздің ЖІӨ көлемі 25% көрсеткішті беріп отырғандығына қарамастан, оның ішіндегі инновациялық өнімдердің көлемі керісінше төмендеуді көрсетіп отыр. 2015 жылы ол тіпті

0,92% көрсетіп, 2014 жылмен салыстырғанда 0,54% төмендегендігін көрсетті [7]. ЖІӨ көрсеткіші көтерілгенімен, ондағы инновация-

лық өнім көлемінің қысқаруы жақсы көрсеткіш емес. Сондықтан бұл салада әлі толағай жұмыстар жасалуы тиіс.

2-кесте – Инновациялық өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі, %

| | 2004 | 2005 | 2006 | 2007 | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
|--|------|------|------|------|------|------|------|-------|-------|-------|-------|------|
| Инновациялық өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі, % | 1,27 | 1,58 | 1,53 | 1,19 | 0,69 | 0,49 | 0,65 | 0,84* | 1,22* | 1,61* | 1,46* | 0,92 |

* өзгерістер ЖІӨ деректерінің нақтылануына байланысты

Ал осы салада көптеген жетістіктерге қол жеткізген елдердің тәжірибесін қарастырсақ, онда кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруға байланысты міндеттерден кәсіпкерлікті қолдауды қаржылық, ақпараттық-сараптамалық және материалды-техникалық қолдауды қамтамасыз ету бойынша қызметтер атқаратын арнайы ұйымдар көзге түседі. Қолдаудың бұл нысандарының барлығын мемлекет атқарушы органдар арқылы жергілікті және аумақтық деңгейде қабылданатын әр түрлі бағдарламалардың көмегімен де, әрі ұйым капиталының қатысуымен осы үшін арнайы жасалған бағдарламалар көмегімен де жүзеге асырады. Бұл дегеніміз, теледидар немесе мерзімді баспа беттерінде беріліп отырылатын жарнамалар жеткіліксіз немесе тиімді болмай отыр. Сол үшін жалпы халыққа жететін оның ішінде кәсіпкерлерге интернет арқылы ақпараттандыру, білім беру оларды аймақ, аудан, ауыл деңгейлерінде жинап мағлұмат беруді, құзыреттілікті жалпы білім беруді қолға алу қажет. АҚШ 1953 жылы шағын кәсіпкерлік мәселелері бойынша атқарушы үкіметтің арнайы органы құрылды – ол жалпы ел бойынша орналасқан, 400-ге жуық қызметкері бар, он өңірлік және 120-ға жуық жергілікті бөлімдерден тұратын, тармақталған жүйесі бар, шағын бизнес әкімшілігі. Әкімшіліктің орталық аппараты 1100 қызметкерден тұрады, оның негізгі қызметтері техникалық және кеңес беру қызметтерін көрсету, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында мемлекеттік тапсырыстарды үлестіру, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық көмек көрсету механизмін дайындау болып табылады.

Көптеген елдердің тәжірибесінде шағын кәсіпкерлікті қолдау, белгілі Министрліктердің

құрамына кіретін, арнайы Департаменттермен байланыстырылады. Мысалы, Германия және Голландия экономика Министрлігінде шағын және орта бизнестің арнайы бөлімдері бар, Францияда осындай бөлім өнеркәсіп Министрлігінде. Канада да шағын дамыту саясатын өнеркәсіп, ғылым және технология Министрлігінің Департаменті, Италияда – өнеркәсіп, коммерция, сауда және кәсіптер Министрлігінің жанындағы бөлім жүзеге асырады. Францияда шағын кәсіпкерлікті реттеу саясатын бірнеше ұйымдар жүзеге асырады: шағын және орта кәсіпкерлік Конфедерациясы, Сауда және өнеркәсіптік палаталар, қызметін жаңадан бастаған және дамушы кәсіпкерліктердің ұлттық агенттігі, техникалық зерттеулердің ұлттық агенттігі, Қаржы институттары және тағы басқалар жиілеп кездеседі [8].

Оңтүстік Кореяда арнайы үкіметтің құрылымымен – 11 аймақтық орталықтарда жұмыскерлер саны 900 адамнан тұратын штаты бар, шағын және орташа бизнес Әкімшілігімен қоса, ұйымдардың толық жүйесі қызмет етеді. Одан бөлек, Әкімшілік жанында технология мен сапаның Ұлттық институты, үкіметтік несиелік кепілдемелер жүйесі, арнайы тағайындалған коммерциялық банктер бар.

Қорытынды

Қазіргі таңда кейбір дамыған мемлекеттерде шағын және орташа кәсіпорындардың қызметін басқарудың негізгі органдары Мемлекеттік сауда-экономикалық комитеті шеңберіндегі шағын және орташа кәсіпорынның шетелдік ынтымақтастығын үйлестіру орталығы, шағын және орташа кәсіпорындардың дамуын ынталандыру жөніндегі Бүкіл халық-

тық жұмысшы жетекші тобы, банк және басқа да ұйымдары кездеседі. Осы елдерді қарастыруымыздың негізгі себептерінің бірі – аталмыш мемлекеттер инновациялардың енгізу бойынша және ЖІӨ құрылымында шағын және орта бизнестің үлесі бойынша өте жоғары

көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр. Біз өз еліміздің экономикалық тұрғыдан дамуы үшін жоғарыда көрсетілген елдердің тәжірибелерінің тиімді тұстарын жергілікті ерекшеліктерімізді есепке ала отырып пайдалануымыз керек деп санаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 17 қаңтар 2014 ж.
- 2 Омурзаков Т. «Қазақстан-2050» – Путеводный маяк // Казахстанская правда, 1 февраля 2014 г.
- 3 Халевинская Е.Д. Мировая экономика и международные экономические отношения: учебник / Е.Д. Халевинская. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Магистр; М.: ИНФРА-М, 2011. – С. 368.
- 4 Кудратов З.Г., Тошбоев Б.Б., Бердиев Г.И. Опыт поддержки малого и среднего бизнеса в некоторых развитых странах // Молодой ученый. – 2015. – №1. – 242-245.
- 5 http://www.inform.kz/kz/biznestin-zhio-degi-ulesin-kobeytu-ushin-birkatar-kedergiler-bar-askar-beysenbaev_a2973063
- 6 Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі, Статистика комитеті <http://www.stat.gov.kz/>
- 7 Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі, Статистика комитеті <http://www.stat.gov.kz/>
- 8 Тусупбекова Л. Тарифы и мифы // Казахстанская правда. – 8 февраля 2014 г.

References

- 1 Nazarbayev N.A. “Kazakhstan zholy-2050: bir maksat, bir mudde, bir bolashak” atty Kazakhstan khalkyna Zholdauly // Egemem Kazakhstan, 17 Qantar, 2014.
- 2 Omurzakov T. “Kazakhstan-2050” – Putevodnyi mayak // Kazakhstanskaya Pravda, 1 Febralya, 2014
- 3 Khalevinskaya E.D. Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnye ekonomicheskie otnosheniya: uchebник /E.D.Khalevinskaya. 2-e izd. pererab. I dop. - M.: Magistr; M.: INFRA-M, 2011. 368.
- 4 Kudratov Z.G., Toshboev B.B., Berdiev G.I., Opyt podderzhki malogo I srednego biznesa v nekotoryh razvityh stranah // Molodoy ucheniy. - 2015. - №1. 242-245.
- 5 http://www.inform.kz/kz/biznestin-zhio-degi-ulesin-kobeytu-ushin-birkatar-kedergiler-bar-askar-beysenbaev_a2973063
- 6 Kazakhstan Respublikasy Ultyk Ekonomika ministrlygi, Statistika komiteti <http://www.stat.gov.kz/>
- 7 Kazakhstan Respublikasy Ultyk Ekonomika ministrlygi, Statistika komiteti <http://www.stat.gov.kz/>
- 8 Tusupbekova L., Tarify i mify // Kazakhstanskaya Pravda, 8 Febralya, 2014.